

Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 344 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 наурызда № 27339 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 117-1-бабы 3-тармағы және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Берешектің жай – күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі – Бюджет кодексі) сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары берешегінің жай-күйі туралы қаржылық есептіліктің көлемін, нысандарын, кезеңділігін, мерзімдерін, жасау және ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары осы Қағидаларда белгіленген көлемде және нысандар бойынша есептер жасайды.

2 тарау. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау және ұсыну мерзімі

3. Жылдық қаржылық есептілік есепті қаржы жылының 31 желтоқсанында аяқталатын кезеңге, 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғандағы күнтізбелік кезеңге жасалады.

Тоқсандық есептілік ағымдағы қаржы жылының 31 наурызында, 30 маусымында және 30 қыркүйегінде аяқталатын кезеңге жасалады.

4. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары тоқсан сайын ұсынады.

5. 31 наурызда және 30 қыркүйекке аяқталатын кезеңге берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті:

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомствоға – есептіден кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ведомствоға – есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-ы күнінен кешіктірмей (бұдан әрі – ведомство);

ведомство республикалық және жергілікті (облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттер берешегінің жай-күйі туралы жиынтық қаржылық есептілігі) бюджеттері берешегінің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті және өзге қаражат есебінен пайда болған берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне – есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-і күнінен кешіктірмей ұсынады;

6. Есепті қаржы жылының 30 маусымында және 31 желтоқсанында аяқталатын кезеңге жасалған бухгалтерлік баланстардың деректерімен салыстырып тексерілген берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті:

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ведомствоға – ведомство белгілеген мерзімдерде;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдары ведомствоға – 20 тамыздан кешіктірмей, есепті қаржы жылы үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі 15 ақпанға дейін;

ведомство – республикалық және жергілікті (облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар және астана бюджеттері берешегінің жай-күйі туралы жиынтық қаржылық есептілігі) бюджеттер берешегінің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті және өзге қаражат есебінен пайда болған берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыруға жауапты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне тиісінше – 25 тамыздан кешіктірмей, есепті қаржы жылы үшін – есепті қаржы жылынан кейінгі 25 ақпанға дейін ұсынады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3 тарау. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептіліктің көлемі мен нысандары

7. Мемлекеттік мекемелер, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдар, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары мынадай есеп түрлерін жасайды және ұсынады:

"Дебиторлық берешек туралы есеп" ҚЕ-1-ДБ-Б нысаны бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі – ҚЕ-1-ДБ-Б нысаны);

"Дебиторлық берешек туралы есеп" ҚЕ-1-ДБ-Ө нысаны бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі – ҚЕ-1-ДБ-Ө нысаны);

"Кредиторлық берешек туралы есеп" ҚЕ-2-КБ-Б нысаны бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі – ҚЕ-2-КБ-Б нысаны);

"Кредиторлық берешек туралы есеп" ҚЕ-2-КБ-Ө нысаны бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі – ҚЕ-2-КБ-Ө нысаны);

"Ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы есеп" ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны бойынша осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны).

4-тарау. Дебиторлық, кредиторлық берешектер туралы және ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы есептерді жасау тәртібі

8. Мемлекеттік мекемелер және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қаржылық есептілікті нысандардың толық көлемінде 2 (екі) данада жасайды, олардың 1 (біреуін) мемлекеттік мекемелер жоғары тұрған органға, жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары – бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерден және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінен, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарынан қаржылық есептілікті қабылдауы және тексеруі осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қаржылық есептілік нысандарының мекенжай бөлігі мынадай тәртіппен толтырылады:

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі" деректемесі – "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасынан бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен коды;

"Мемлекеттік мекеме" деректемесі – Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің анықтамалығына сәйкес мемлекеттік мекеменің атауы және оның коды;

"Кезеңділігі" деректемесі – қаржылық есептілік кезеңі көрсетіледі;

"Өлшем бірлігі" деректемесі – мың теңгеде;

"Бюджет түрі" деректемесі – бюджет түрі көрсетіледі.

10. Есептердегі кредиторлық және дебиторлық берешек өткен жылдардың берешегі мен ағымдағы жылдың берешегі болып бөлінеді.

Өткен жылдардың берешегі – ағымдағы жылдың алдындағы жылдары пайда болған берешек.

Дебиторлық берешек туралы есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдардың дебиторлық берешегінің жағдайы және ағымдағы қаржы жылы оның бір бөлігін өтеген немесе өндіріп алған жағдайда есепті күнге осы берешектің қалдығы көрсетіледі.

Кредиторлық берешек туралы есептерде ағымдағы жылдың басындағы өткен жылдар берешегінің жағдайы және ағымдағы жылы оның бір бөлігін өтеген жағдайда есепті күнге осы берешектің қалдығы тіркеледі.

Ағымдағы жылдың берешегі – ағымдағы жылы туындаған және есепті күнге қалыптасқан берешек.

Берешектің жай-күйі туралы есептер есепті күнгі бухгалтерлік есептің деректеріне негізделеді.

Есептер бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, мемлекеттік мекеме, бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша аралық қорытындыларды қамтиды.

11. ҚЕ-1-ДБ-Б, ҚЕ-2-КБ-Б, ҚЕ-1-ДБ-Ө және ҚЕ-2-КБ-Ө нысандары бойынша есептілікке:

бюджеттік кредиттер және олар бойынша сыйақылар;

бюджеттің бір деңгейінен екіншісіне берілетін трансферттер;

бағалау және кепілдік міндеттемелері, алынған қарыздар бойынша қаржылық міндеттемелер жөніндегі берешек;

пайдаланылмаған демалыстар бойынша қызметкерлер алдындағы берешек;

1420 "Болашақ кезеңдердің шығыстары" шотында көрсетілген болашақ кезеңдердің шығыстары;

уақытша орналастырылған ақша бойынша кредиторлық берешек;

ҚЕ-1-ДБ-Б немесе ҚЕ-1-ДБ-Ө нысанында көрсетілген дебиторлық берешек танылғанда, бірмезгілде корреспонденциялау кезінде, 3130 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және 4130 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шотында көрсетілген бюджетпен есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек;

мемлекеттік–жекешелік әріптестік жобалары бойынша берешек;

активтерді басқарудан түсетін кірістер бойынша берешек (инвестициялар объектісінің таза кірісі бөлігінің түсімдерінен, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтерден, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне, мүлікті жалға беруден) сомалары қосылмайды.

12. Берешектің жай-күйі туралы жылдық және жартыжылдық қаржылық есептілікте берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірін көрсете отырып қалыптастырылады.

31 наурыздағы және 30 қыркүйектегі есептерде шот нөмірлері көрсетілмейді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Есептердің ҚЕ-1-ДБ-Б, ҚЕ-2-КБ-Б, ҚЕ-1-ДБ-Ө және ҚЕ-2-КБ-Ө нысандары оларда көзделген көрсеткіштерге нақты сәйкестендіріліп толтырылады.

Ағымдағы есепті кезеңге, сонымен бірге өткен кезеңге жататын (оларды бекіткеннен кейін) есептілік деректерінің өзгеруі деректердің алшақтығы анықталған кезеңде жасалған қаржылық есептілікте жүргізіледі.

14. ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасы шығыстарының функционалдық немесе экономикалық сыныптамасының кодтары өзгерген жағдайда қаржылық есептілікте дебиторлық және кредиторлық берешек шығыстардың жаңа кодтары бойынша көрсетіледі.

15. Дебиторлық және (немесе) кредиторлық берешегі бар қолданыстағы бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) алып тастау берешек толық өтелгеннен (есептен шығарылғаннан) не ол бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолданыстағы бюджеттік бағдарламасына (кіші бағдарламасына) көшірілгеннен кейін жүзеге асырылады.

16. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті жасау кезінде Бюджет кодексінің 23-бөлімі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6443 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидалары бойынша басшылыққа алу қажет.

5-тарау. Дебиторлық берешек туралы есептерді жасау тәртібі

17. Осы Қағидаларда дебиторлық берешек туралы есептердің мынадай нысандары белгіленеді:

ҚЕ-1-ДБ-Б нысаны, онда қаржыландыру жоспарларын орындау процесінде қалыптасқан дебиторлық берешек көрсетіледі;

ҚЕ-1-ДБ-Ө нысаны, онда өзге қаражат есебінен, сондай-ақ жетіспеушіліктер мен талан-таражға салу нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған дебиторлық берешек көрсетіледі.

ҚЕ-1-ДБ-Б және ҚЕ-1-ДБ-Ө есептердің нысандарына тиісінше 6 және 8-қосымшаларға сәйкес ҚЕ-4-С-ДБ-Б, ҚЕ-5-С-ДБ-Ө нысандары бойынша бюджет

қаражаты есебінен дебиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат қоса беріледі.

18. ҚЕ-1-ДБ-Б нысаны мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

2, 3, 4 және 5-бағандарда функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама және ерекшелік толтырылады;

6-бағанда берешек қалыптасқан бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда 1, 2, 3, 4 және 5-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

9-бағанда ағымдағы жылдың басында жағдай бойынша өткен жылдардың дебиторлық берешегі көрсетіледі. Қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, 9-бағанда көрсетілетін дебиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермейді;

10-бағанда Бюджет кодексінің 97-бабына сәйкес ағымдағы қаржы жылында тиісті бюджеттің кірісіне аударылған өткен жылдардың дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы жылы алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есебінен өтелген, сондай-ақ есептен шығарылған, оның ішінде сот шешімі бойынша өткен жылдардағы дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

12-бағанда бір берешек шотынан (-) екінші берешек шотына (+) ауыстырылған дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

13-бағанда өткен жылдардың дебиторлық берешегінің оның бір бөлігі ағымдағы қаржы жылында өтелгеннен кейінгі қалдығы көрсетіледі;

14-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

15-бағанда есепті күнге қалыптасқан жалпы дебиторлық берешек (13 және 14-бағандардың сомасы) көрсетіледі;

16-бағанда бюджет қаражаты есебінен тауарлар мен жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға өнім берушілермен және мердігерлермен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес аванстық төлемдердің (алдын ала төлеудің) сомасы көрсетіледі;

17-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарына ағымдағы жылғы берешек сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі;

18-бағанда талап қою мерзімі өткен дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Көрсетілген берешек активтерді, есеп айырысуларды және мемлекеттік мекеме балансының басқа да баптарын түгендеу жүргізілгеннен және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен түгендеу актісі жасалғаннан кейін есепке енгізіледі. 16-бағанда көрсетілген дебиторлық берешек сомасы 15-бағанда көрсетілген дебиторлық берешек сомасына қосылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. ҚЕ-1-ДБ-Ө нысаны мынадай түрде толтырылады:

1, 2, 3, 4 және 5-бағандарда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған берешекті көрсету үшін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет шығыстарының сыныптамасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығымен бекітілген Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесінің сыныптауышына (бұдан әрі – Ақылы қызметтер сыныптауышына) сәйкес шығыстардың кодтары көрсетіледі;

филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған 901 "Филантропиялық қызмет және (немесе) демеушілік қызмет және (немесе) меценаттық қызмет және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызмет есебінен шығыстарға алынған ақша" коды;

жетіспеушілік және талан-таражға салу салдарынан, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған 902 "Жетіспеушіліктер" коды;

басқа да қаражат (консулдық алымдар, қызметкерлер алған несиелер, сотталғандардың жалақысы және басқалар) есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған 903 "Өзгелері" коды;

6-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда 1, 2, 3, 4 және 5-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін атаулар көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша өткен жылдардың дебиторлық берешегі көрсетіледі. Қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда,

8-бағанда көрсетілетін дебиторлық берешектің сомасы ағымдағы қаржы жылының ішінде өзгермейді;

9-бағанда Бюджет кодексінің 97-бабына сәйкес ағымдағы қаржы жылында тиісті бюджеттің кірісіне аударылған өткен жылдардың дебиторлық берешегінің сомасы көрсетіледі;

10-бағанда ағымдағы жылы алынған тауарлар (жұмыстар, қызметтер) есебінен өтелген, сондай-ақ есептен шығарылған, оның ішінде сот шешімі бойынша өткен жылдардағы дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

11-бағанда бір берешек шотынан (-) екінші берешек шотына (+) ауыстырылған дебиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

12-бағанда өткен жылдардың дебиторлық берешегінің оның бір бөлігі ағымдағы қаржы жылында өтелгеннен кейінгі қалдығы көрсетіледі;

13-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

14-бағанда есепті күнге қалыптасқан дебиторлық берешектің жалпы сомасы көрсетіледі (12 және 13-бағандардың сомасы);

15-бағанда тауарлар мен жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға өнім берушілермен және мердігерлермен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес аванстық төлемдердің (алдын ала төлеудің) сомасы көрсетіледі;

16-бағанда талап қою мерзімі өткен дебиторлық берешектің сомасы көрсетіледі. Көрсетілген берешек мемлекеттік мекеменің активтеріне, есеп айырысуларына және балансының басқа да баптарына түгендеу жүргізілгеннен және түгендеу актісі жасалғаннан кейін есепке енгізіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. ҚЕ-4-С-ДБ-Б нысаны былайша толтырылады:

1, 2, 3 және 4-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтары – бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

5-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда 1, 2, 3 және 4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

7-бағанда дебиторлық берешектің жалпы сомасы көрсетіледі;

8-бағанда бюджет заңнамасымен регламенттелген бір жылдық шарттардың талаптары бойынша аванстық (алдын ала) төлем көрсетіледі;

9-бағанда бюджет заңнамасымен регламенттелген ауыспалы (көпжылдық шарттар), оның ішінде аванстық (алдын ала) төлем бойынша өткен жылдардың берешегі көрсетіледі;

10-бағанда бюджет заңнамасымен регламенттелген ауыспалы (көпжылдық шарттар), оның ішінде аванстық (алдын ала) төлем бойынша ағымдағы жылдардың берешегі көрсетіледі;

11-бағанда есеп беруге берілген өткен жылдардың сомасы көрсетіледі;

12-бағанда есепке берілген ағымдағы жылдың сомасы көрсетіледі;

13-бағанда салыстыру актілеріне сәйкес артық төлем көрсетіледі;

14-бағанда өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты пайда болған өткен жылдардың берешегі көрсетіледі;

15-бағанда өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты пайда болған ағымдағы жылдың берешегі көрсетіледі;

16-бағанда берешекті өтеу бойынша сот шешімдерінің орындалмауына байланысты пайда болған өткен жылдардың берешегі көрсетіледі;

17-бағанда берешекті өтеу бойынша сот шешімдерінің орындалмауына байланысты пайда болған ағымдағы жылдың берешегі көрсетіледі;

18-бағанда басқа бағандарға жатқызылмаған берешек көрсетіледі;

19-бағанда 18-бағанда көрсетілген берешектің пайда болу себептері көрсетіледі.

21. ҚЕ-5-С-ДБ-Ө нысаны былайша толтырылады:

1, 2, 3 және 4-бағандарда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес берешекті көрсету үшін бюджет шығыстарының сыныптамасына және Ақылы қызметтер сыныптауышына сәйкес шығыстардың кодтары көрсетіледі;

901 "Филантропиялық қызмет және (немесе) демеушілік қызмет және (немесе) меценаттық қызмет және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызмет есебінен шығыстарға алынған ақша" коды филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған;

902 "Жетіспеушіліктер" коды жетіспеушілік және талан-таражға салу салдарынан, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған;

903 "Өзгелер" коды өзге қаражат есебінен пайда болған берешекті көрсету үшін (консулдық алымдар, қызметкерлер алған несиелер, сотталғандардың жалақысы және басқалары);

5-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда 1, 2, 3 және 4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін атаулар көрсетіледі;

7-бағанда дебиторлық/кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

8-бағанда дебиторлық/кредиторлық берешектің пайда болу себептері көрсетіледі.

6-тарау. Кредиторлық берешек туралы және ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы есептерді жасау тәртібі

22. Осы Қағидаларда кредиторлық берешек туралы есептердің мынадай нысандары белгіленеді:

қаржыландыру жоспарларын орындау процесінде пайда болған кредиторлық берешек көрсетілетін ҚЕ-2-КБ-Б нысаны;

басқа қаражат есебінен, сондай-ақ жетіспеушіліктер мен талан-таражға салу нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған кредиторлық берешек көрсетілетін ҚЕ-2-КБ-Ө нысаны.

Тиісінше 7 және 8-қосымшаларға сәйкес ҚЕ-4-С-КБ-Б және ҚЕ-5-С-КБ-Б нысандары бойынша ҚЕ-2-КБ-Б және ҚЕ-2-КБ-Ө есептерінің нысандарына бюджет қаражаты есебінен кредиторлық берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат және өзге де қаражат есебінен, сондай-ақ жетіспеушіліктер мен талан-таражға салу нәтижесінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған берешектің пайда болу себептері туралы ақпарат қоса беріледі.

23. ҚЕ-2-КБ-Б нысаны мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

2, 3, 4 және 5-бағандарда функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

6-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда 1, 2, 3, 4 және 5-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспары көрсетіледі;

9-бағанда ағымдағы жылдың басында жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. 9-бағанда көрсетілетін кредиторлық берешек сомасы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы ішінде өзгермейді;

10-бағанда бір берешек шотынан (-) екінші берешек шотына (+) ауыстырылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы қаржы жылында берешектің бір бөлігін өтегеннен кейін өткен жылдардың кредиторлық берешегінің қалдығы көрсетіледі;

12-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

13-бағанда есепті күнге қалыптасқан кредиторлық берешек көрсетіледі (11 және 12-бағандардың сомасы);

14-бағанда төлеу мерзімі әлі басталмаған міндеттемелер бойынша берешек сомасы көрсетіледі;

15-бағанда талап қою мерзімі өткен кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі (берешектің талап қою мерзімінің аяқталу мерзімі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалады);

16-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша берешек сомасы (14-баған) шегеріле отырып, есепті күнге қалыптасқан берешек сомасы (13-баған) көрсетіледі;

17-бағанда бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жылдық жоспарына кредиторлық берешек сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. ҚЕ-2-КБ-Ө нысаны мынадай түрде толтырылады:

1, 2, 3, 4 және 5-бағандарда ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына және тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған берешекті көрсету үшін ақылы қызметтер сыныптауышына бюджет шығыстарының сыныптамасына сәйкес шығыстардың кодтары көрсетіледі;

901 "Филантропиялық қызмет және (немесе) демеушілік қызмет және (немесе) меценаттық қызмет және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызмет есебінен шығыстарға алынған ақша" коды филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түскен ақшаны жұмсау есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған;

902 "Жетіспеушіліктер" коды жетіспеушілік және талан-таражға салу салдарынан, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған;

903 "Өзгелер" коды алдыңғы жолдарда көрсетілмеген басқа да қаражат есебінен пайда болған берешекті көрсетуге арналған (консулдық алымдар, қызметкерлер алған несиелер, сотталғандардың жалақысы және басқалар).

6-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

7-бағандарда 1, 2, 3, 4 және 5-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін атаулар көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы жылдың басындағы жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. 8-бағанда көрсетілетін кредиторлық берешек сомасы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы ішінде өзгертілмейді;

9-бағанда бір берешек шотынан (-) екінші берешек шотына (+) ауыстырылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

10-бағанда ағымдағы жылдың басында жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы қаржы жылында қалыптасқан кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

12-бағанда есепті күнге кредиторлық берешек көрсетіледі (10 және 11-бағандардың сомасы);

13-бағанда төлеу мерзімі әлі келмеген міндеттемелер бойынша берешек сомасы көрсетіледі;

14-бағанда талап қою мерзімі өтіп кеткен кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі (берешек бойынша талап қою мерзімі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалады).

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Осы Қағидаларда сондай-ақ ұзақ мерзімді сипаттағы міндеттемелерді орындау нәтижесінде туындаған, бірақ ҚЕ-2-КБ-Б, ҚЕ-2-КБ-Ө нысандары бойынша есептерде көрсетілмеген кредиторлық берешек көрсетілетін ҚЕ-3-КБ-ҰМ ұзақ мерзімді міндеттемелері бойынша кредиторлық берешек туралы есептің нысаны белгіленеді, оның ішінде:

алынған ұзақ мерзімді қарыздар бойынша қаржылық міндеттемелер;

мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің ұзақ мерзімді жобалары бойынша қаржылық міндеттемелер;

басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер;

ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері бойынша берешек;

7120 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді

кредиторлық берешек", 4130 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының кредиті бойынша активті бір мезгілде тану кезінде туындайтын бюджетпен есеп айырысу бойынша берешекті есептеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, ұзақ мерзімді сипаттағы басқа міндеттемелер бойынша берешек.

ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны бойынша есепке міндеттеменің барлық сомасы енгізіледі:

есепті күннен кейін таяудағы 12 ай өткенге дейін өтелетін ұзақ мерзімді міндеттеменің қысқа мерзімді бөлігі (мысалы, Бухгалтерлік баланстың "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" 210-жолы бойынша көрсетілген бөлігі есепті күннен кейін 12 ай ішінде өтелетін ұзақ мерзімді қарыз бойынша қаржылық міндеттеме);

есепті күннен кейін 12 айдан артық өтелетін ұзақ мерзімді міндеттеменің қалған бөлігі (мысалы, өтеу мерзімі 12 айдан асатын Бухгалтерлік баланстың "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттеме" 310-жолы бойынша көрсетілген сол ұзақ мерзімді қарыз бойынша қаржылық міндеттеменің қалған бөлігі).

Осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес ҚЕ-6-С-КБ-Б-ҰМ нысанындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешектің қалыптасу себептері туралы мәліметтер ҚЕ-3-КБ-ҰМ есептілік нысандарына ақпараттар қоса беріледі.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1345 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны бойынша есеп мынадай түрде толтырылады:

1-бағанда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің коды көрсетіледі;

2, 3, 4 және 5-бағандарда функционалдық топ, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

6-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

7-бағанда 2, 3, 4 және 5-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

8-бағанда ағымдағы жылдың басында жағдай бойынша өткен жылдардың кредиторлық берешегі көрсетіледі. 8-бағанда көрсетілген кредиторлық берешек сомасы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, ағымдағы қаржы жылы ішінде өзгермейді;

9-бағанда ағымдағы қаржы жылында берешектің бір бөлігін өтегеннен кейін өткен жылдардың кредиторлық берешегінің қалдығы көрсетіледі;

10-бағанда бір берешек шотынан (-) екінші берешек шотына (+) ауыстырылған кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

11-бағанда ағымдағы қаржы жылында пайда болған кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі;

12-бағанда есепті күнге қалыптасқан кредиторлық берешек көрсетіледі (9 және 11-бағандардың сомасы);

13-бағанда төлеу мерзімі әлі басталмаған міндеттемелер бойынша берешек сомасы көрсетіледі;

14-бағанда талап қою мерзімі өткен кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі (берешектің талап қою мерзімінің аяқталу мерзімі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалады);

15-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша берешек сомасы (13-баған) шегеріле отырып, есепті күнге қалыптасқан берешек сомасы (12-баған) көрсетіледі;

16-бағанда бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландырудың жылдық жоспарына кредиторлық берешек сомасының пайыздық қатынасы көрсетіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26-1. ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы есепті жасау кезінде уәкілетті органдар жоғары тұрған бюджет алдындағы ұзақ мерзімді қарыздар (бюджеттік кредиттер) бойынша міндеттемелерді көрсетеді.

Бюджет деңгейлері бойынша ҚЕ-3-КБ-ҰМ нысаны бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек туралы шоғырландырылған есептерді қалыптастыру кезінде төмен тұрған бюджеттердің ұзақ мерзімді қарыздары (бюджеттік кредиттері) бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер алып тастауға жатады.

Ескерту. 6-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1345 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. ҚЕ-4-С-КБ-Б нысаны былайша толтырылады:

1, 2, 3 және 4-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кодтары, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

5-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда 1, 2, 3 және 4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін ҚР Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес бюджет шығыстары кодтарының атауы көрсетіледі;

7-бағанда кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі, барлығы;

8-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша кредиторлық берешектің сомасы көрсетіледі, барлығы;

9-бағанда объекті аяқталған жылы ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не реконструкциялауға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты жұмыстар бойынша шарттың жалпы сомасының бес пайызын ұстау бойынша қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

10-бағанда жалақы, ұстап қалу және одан аударымдар, стипендиялар, жұмыс берушілердің жарналары, жеке тұлғалардың трансферттері (төлеу мерзімі басталмаған) бойынша қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

11-бағанда орындалған жұмыстар актілерін, аванстық есептерді және басқа да растайтын құжаттарды кеш ұсынуға байланысты қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

12-бағанда тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) жеткізу бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

13-бағанда салыстыру актілері бойынша анықталған қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

14-бағанда тарифтердің көтерілуіне байланысты төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары бойынша қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты пайда болған қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

15-бағанда контингенттің, жоспардан тыс іссапарлардың және басқаларының ұлғаюына байланысты төлемдер бойынша жоспар бойынша қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты пайда болған қысқа мерзімді берешек көрсетіледі;

16-бағанда басқа бағандарға жатқызылмаған берешек көрсетіледі;

17-бағанда 16-бағанда көрсетілген берешектің пайда болу себептері көрсетіледі.

28. ҚЕ-5-С-КБ-Ө нысаны осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес толтырылады.

29. ҚЕ-6-С-КБ-Б-ҰМ нысаны былайша толтырылады:

1, 2, 3 және 4-бағандарда бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің кодтары, бағдарлама, кіші бағдарлама, ерекшелік толтырылады;

5-бағанда берешек пайда болған бухгалтерлік есеп шотының нөмірі көрсетіледі;

6-бағанда 1, 2, 3 және 4-бағандардағы кодтарға сәйкес келетін атауы көрсетіледі;

7-бағанда кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі, барлығы;

8-бағанда төлеу мерзімі басталмаған міндеттемелер бойынша кредиторлық берешек сомасы көрсетіледі;

9-бағанда растаушы құжаттардың кеш берілуіне байланысты пайда болған берешек көрсетіледі;

10-бағанда тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) жеткізу бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты берешек көрсетіледі;

11-бағанда салыстыру актілері бойынша анықталған берешек көрсетіледі;

12-бағанда төлемдер бойынша қаржыландыру жоспары бойынша қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты берешек көрсетіледі;

13-бағанда басқа бағандарға жатқызылмаған берешек көрсетіледі;

14-бағанда 13-бағанда көрсетілген берешектің пайда болу себептері көрсетіледі.

7 тарау. Берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі

30. Мемлекеттік мекемелер берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілері белгілеген және олар қаржылық есептілікті ұсынған күнге дейін мемлекеттік мекемелердің назарына жеткізген мерзімде ұсынады.

Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігі электронды түрде және/немесе қағаз тасығышта беттері нөмірленіп және мазмұнымен ұсынылады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті тиісті бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Есептер мен оларға ақпаратқа мемлекеттік мекеменің басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, бас бухгалтер немесе мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есеп жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын адам қол қояды.

32. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімі аппаратының қаржылық есептілігіне бірінші қол қою құқығына осы органның басшысы не оны алмастыратын тұлға, есеп беруді қамтамасыз ететін бас бухгалтер немесе құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлға екінші қол қою құқығы болып табылады.

33. Ұсынылған қаржылық есеп берудің барлық нысандарында басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның және бас бухгалтердің немесе есептілікті қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшені басқаратын тұлғаның қолының қасында қолдың (тегі және аты-жөні) толық жазылуы көрсетіледі.

Ақпараттық жүйе (бұдан әрі – АЖ) арқылы есептілікті ұсынатын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қоспағанда, қаржылық есептілікке есептілікте бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

34. Пошта кәсіпорнының штемпелінде белгіленген, бірақ қаржылық есептілікті ұсыну күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін, қаржылық есептілікті ұсыну күні оны жөнелту күні болып табылатын басқа елді мекендердегі мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, тиесілігі бойынша оны іс жүзінде беру күні мемлекеттік мекеме үшін қаржылық есептілікті ұсыну күні болып есептеледі.

Есептілікті ұсыну үшін белгіленген мерзім демалыс (жұмыс істемейтін) күнімен сәйкес келген кезде қаржылық есептілік одан кейінгі бірінші жұмыс күні ұсынылады.

35. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттерінің бюджетін, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін және аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар берешектің жай-күйі туралы қаржылық есептілікті нысандарды толық көлемде электронды түрде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның АЖ арқылы ұсынады. Есепті АЖ арқылы беру күні оны ұсыну күні болып есептеледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 10.08.2023 № 845 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізген кезде республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қаржылық есептілігіне өзгерістер енгізілген ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің енгізілген өзгерістері туралы жазбаша хабарлама жібереді. басшы немесе оны алмастыратын тұлға және есеп беретін құрылымдық бөлімшенің бас бухгалтері немесе жауапты тұлғасы қол қойған өзгерістердің себептері.

Мемлекеттік мекеме бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері енгізген өзгерістерге сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен жазбаша хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржылық есептіліктің оның көшірмесіне өзгерістер енгізеді.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігіне түзетулер осы Қағидалардың 3 -тармағында белгіленген түзетулерді енгізу тәртібін міндетті түрде сақтай отырып, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекеменің есебін қарау нәтижелері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша хабарламасының негізінде ғана енгізіледі.

37. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржылық есептілігіне ескертулер болған және өзгерістер енгізу қажет болған кезде орталық атқарушы органның құзыреті шегінде республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атқарылуына қызмет көрсету саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомство (бұдан әрі – ведомство) қабылдамаудың себептерін көрсете отырып, тиісті өзгерістер енгізу үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржылық есептілігін АЖ–ға қабылдамайды. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі үш жұмыс күні ішінде қаржылық есептілікке тиісті өзгерістер енгізеді және оны бөлімге қайта жолдайды.

